ЖШС «Толағай-1» балабақшасы

Бекітемін:
ЖШС “Толағай-1”бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі
Е.Оңғарбай

2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие мен оқыту жұмысының жылдық жоспары

Кіріспе

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің әртүрлі бағыттарын жоспарлау негізгі басқарушылық функциялардың бірі болып саналады.

Жылдық жоспар мектепке дейінгі ұйымды дамыту бағдарламасында белгіленген міндеттер мен іс-шараларды нақтылайды.

Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарында тәрбие-білім беру процесінің проблемаларын шешу бойынша нақты іс-шаралар, тәрбиешілерді олардың кәсіби өсуі үшін әдістемелік қолдау жүйесі, педагогтердің жұмыс тәжірибесін қалыптастыру және мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру мақсатында инновациялардың енгізілуі айқындалуы тиіс.

Басқарудың негізгі принциптері

1. Мектепке дейінгі ұйымның ішкі және сыртқы ортасын стратегиялық тұрғыдан талдау.
2. Кадр саясаты тұжырымдамасын әзірлеу.
3. Кадрлық менеджменттің негізгі принциптерін анықтау
4. Педагогтер және қызметкерлермен мақсатты жұмыс стратегиясын қалыптастыру.
5. Ұйымдастыру жұмысының тиімді тетігін қалыптастыру.
6. Кадрлармен жұмыс істеудің инновациялық нысандары мен әдістерін әзірлеу.
7. Ұзақ мерзімді перспективада кадрлық қамтамасыз ету стратегиясын құру.
8. Ынтымақтастықорнатуүшінотбасыменөзараәрекеттесудіңпәрменді практикасын енгізу.

Бұл процесті басқару мектепке дейінгі ұйым менеджментінің негізін құрайды.

Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру, жылдық жоспарды әзірлеу білім беру бағдарламасының тұжырымдамасына негізделеді; екінші жағынан, білім беру бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымның миссиясын, тұжырымдамасын және даму бағдарламасын іске асыру үшін әдістемелік құжат болып саналады.

Мектепке дейінгі ұйымның қызметін жоспарлаудың алдында тәрбие-білім беру жұмысының жай-күйін жан-жақты және терең талдау, әлсіз және күшті жақтарын анықтау, алдағы кезеңге арналған өзекті міндеттерді анықтау жұмысы орындалады. Басшының жұмысын нақты жоспарлау ұжымға негізгі міндеттерді үнемі назарда ұстауға мүмкіндік береді.

Жоспар негізгі құжат болып есептеледі, оның негізінде мектепке дейінгі ұйымның бүкіл қызметі ұйымдастырылады.

Жоспарлаудың жүйеге қойылуы мектепке дейінгі ұйымдағы балалардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне жауапты барлық тұлғалардың қатаң ойластырылған құрылымы мен жоспарларының мазмұнымен қамтамасыз етіледі.

2024–2025 оқу жылының қорытынды есебі

Бағыт: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы.2024–2025 оқу жылы барысында балабақшада тәрбие жұмыстары «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде жүргізілді. Бағдарламаның басты мақсаты – отбасы мен балабақша арасындағы серіктестікті нығайту, балаларды ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты дамыту, адамгершілікке, адалдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу

1. Ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс

Жыл басында педагогикалық кеңесте «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұны талқыланып, тәрбиешілерге әдістемелік нұсқаулар берілді. Әдіскерлер мен педагогтар арасында семинар, коучингтер өткізіліп, тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілді.Тоқсан сайын атқарылған іс-шаралар талданып, қорытындысы жасалды.

2. Балалармен жүргізілген іс-шаралар «Адал азамат – кәсіби маман» жобасы аясында балаларға адалдық, еңбек, достық туралы түсінік беретін әңгімелер, ойындар, көріністер ұйымдастырылды. «Салауатты өмір салты» бағытында спорттық мерекелер, денсаулық күні, сергіту жаттығулары өткізілді.«Сөйлейтін орта» әдісін қолдану арқылы балалардың тілдік қоры дамып, байланыстырып сөйлеу дағдылары жетілді. Танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында түрлі дидактикалық ойындар мен жобалық жұмыстар жүргізілді.

3. Ата-аналармен жұмыс Тоқсан сайын ата-аналар жиналыстары өткізіліп, біртұтас тәрбиенің маңызы талқыланды. Ашық есік күндері арқылы ата-аналарға оқу-тәрбие үдерісін бақылау мүмкіндігі берілді. «Әкем, анам және мен», «Отбасылық дәстүрлер» тақырыптарында ортақ мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Ата-аналарға арналған кеңестер мен жадынамалар таратылып, тәрбие жұмысына белсенді қатысулары қамтамасыз етілді.

4. Қауіпсіздік бағытындағы жұмыс «Өрт – тілсіз жау», «Жолда абай бол» атты танымдық сабақтар өтті. Балаларға үйдегі және көшедегі қауіпсіздік ережелері түсіндірілді.Ата-аналарға балалардың қауіпсіздігін сақтау бойынша ұсыныстар берілді.Балалардың бойында адамгершілік, адалдық, еңбексүйгіштік қасиеттер қалыптасты. Балалардың тілдік қоры кеңейіп, шығармашылық қабілеттері артты.Ата-аналар мен педагогтар арасында өзара ынтымақтастық нығайды.Балалардың қауіпсіздік мәдениеті қалыптасып, қарапайым ережелерді сақтауға дағдыланды.

Қорытынды 2024–2025 оқу жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жоспарланған жұмыстар толық көлемде жүзеге асырылды. Бағдарлама балалардың жан-жақты дамуына, ата-ана мен балабақша арасындағы бірліктің нығаюына, тәрбие жұмысының жүйеленуіне оң ықпал етті.

Ұсыныстар *2025–2026 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жобалық жұмыстардың санын арттыру. Ата-аналармен бірлескен шығармашылық және ұлттық құндылықтарға негізделген іс-шараларды көбейту.Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған тәжірибелік сабақтарды жиі өткізу.Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, ата-аналарға онлайн кеңестер ұйымдастыру.*

Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттар

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптар 2025 – 2026 оқу жылында тәрбие-білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б. Заңдарын басшылыққа алуы тиіс, процесті мынадай нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырсын:

1	Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі	https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000414
2	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_
3	«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293
4	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345_
5	«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000306_
6	«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343_
7	Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249
8	Хабарламалар нысандарын және Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500010194

9	Жоспарлы профилактикалық екпелерді және ұжымдық иммунитеттің шекті деңгейін алмаған балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021832
10	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000137

11	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031
12	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200008275
13	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029329
14	Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100023469
15	Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300033166
16	Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013227
17	Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750_
18	Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013272
19	Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020883
20	Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020708
21	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317
22	Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020619
23	Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700015584
24	Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1900018239
25	Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618

26	Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026513
27	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен атаанасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017948
28	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру 8 бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017766
29	«Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялықэпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300032368
30	«Үздік педагог» атағын беру қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020472
31	Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1300008390
32	Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200007495
33	Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013317
34	Педагогтік қайта даярлау қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020147
35	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020567

	бекіту қағидалары	
36	Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031053
37	Мемлекеттік ұйымдар Педагогтерінің жалақысын есептеу қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020622
38	Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесі	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022857
39	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V080005229_
40	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің салалық көтермелеу жүйесі	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2400034309
41	«Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 503 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы және «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесін қалыптастыру, сүйемелдеу, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграция және 9 ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 тамыздағы № 354 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300033147
43	Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029323
44	Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1100007363
45	Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беретін мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100025128

46	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700016138
47	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесі	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700016137
48	Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесі	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V070005090_
49	Өрт қауіпсіздігі қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026867
50	Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200027414
51	Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы ҚР БҒМ 2022 жылғы 23 маусымдағы № 292-бұйрығы	https://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/PRIKAZY/2022/prikaz292_kz_17102022.pdf
52	«Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031149
53	Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы ҚР ОАМ 2024 жылғы 30 шілдедегі №194-бұйрығы	

Мектепке дейінгі ұйымның 2025-2026 оқу жылына жылдық мақсаттары мен міндеттері

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің алдағы оқу жылына арналған мақсаттары.

Даму бағдарламасының бағыттары мен заңнамадағы өзгерістерді ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымның өткен оқу жылындағы қызметін талдау қорытындылары бойынша:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында "Адал азамат кәсиби маман" тақырыбында білім беру кеңістігін қамтамасыз ету:

Мақсаты: Танымдық дағды.Балаларды адалдық, әділдік, жауапкершілік сияқты құндылықтармен таныстыру арқылы олардың ойлау қабілетін, мәселелерді талдау және дұрыс шешім қабылдау дағдыларын дамыту. Коммуникативтік дағды Мақсат: Балалардың сөйлеу, тыңдау және пікір алмасу қабілеттерін жетілдіру арқылы адал және сенімді қарым-қатынас орнатуға үйрету.

Әлеуметтік-қатынас дағдысы мақсаты:Топта және қауымдастықта адалдық пен кәсіби этиканы сақтау арқылы балалардың өзара көмек, ынтымақтастық және жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

Шығармашылық дағды мақсаты:Балаларды этикалық және кәсіби мәселелерді шығармашылық тұрғыдан шешуге, рөлдік және сюжеттік ойындар арқылы адалдық пен кәсіптік мінез-құлықты көрсетуге үйрету.

Денсаулық және өзін-өзі басқару дағдысы мақсаты:Балаларды өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға, эмоцияларын бақылауға және адалдық принциптері негізінде өздерін басқаруға үйрету.

2. Материалдық базаны жетілдіру:

- мектепке дейінгі ұйымның материалдық базасын жақсартуды жалғастыру;
- тәрбиеленушілердің дене және психологиялық денсаулығын қорғауға және нығайтуға кепілдік беру;
- мектепке дейінгі білім берудің бағдарламалары бойынша тәрбиелеу және оқыту кезінде балалардың эмоционалдық саулығын қамтамасыз ету.

3. Педагог мамандығының мәртебесін көтеру:

- тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарында педагог мамандығының маңыздылығы және оның ерекше мәртебесі туралы түсінік қалыптастыру;
- педагог қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру.

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің 2025 – 2026 оқу жылына міндеттері

Белгіленген мақсаттарға жету үшін келесі міндеттерді орындау қажет.

1.Әдістемелік сүйемелдеу:

✓ мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы мен мектепке дейінгі білім берудің бейімделген білім беру бағдарламасын іске асыруды әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

2.Білім беру ортасын ұйымдастыру:

✓ - бірыңғай білім беру ортасы мен кеңістігін пайдалануды

ұйымдастыру.

3.Педагогтердің құзыреттілігін арттыру:

✓ - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын қолдану мәселелерінде педагог қызметкерлердің құзыретін арттыру.

4.Білім беру ортасын жаңғырту:

- заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жаңғырту;

- ✓ - сапалы және қолжетімді білім беру және шығармашылық ортасын дамыту.
- ✓ «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша құндылықтарымызды жаңғырту.

5.Мониторинг және талдау:

- ✓ - білім беру қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді талдау бөлігінде мониторинг ұйымдастыру;
- ✓ - заманауи дамып келе жатқан заттық-кеңістіктік орта құру.

6.Оқытудың сабақтастығы:

- ✓ - отбасын қоса алғанда, әртүрлі әлеуметтік институттарда мектепке дейінгі және бастауыш жалпы білім беру деңгейлерінде балаларды тәрбиелеу мен оқытудың технологиялары мен мазмұнының сабақтастығы үшін жағдай жасау.

7.Әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастық:

- ✓ - тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуы үшін әлеуметтік серіктестермен толыққанды ынтымақтастық үшін жағдай жасау.

8. Педагогтердің мәртебесін көтеру:

- ✓ білім беру қатынастарына қатысушыларда еңбектің маңыздылығы, педагог қызметкерлер мен тәлімгерлердің маңыздылығы мен олардың ерекше мәртебесі туралы түсінік қалыптастыру.

9.Ұйымдастырушылық механизмдер:

- ✓ педагогикалық қызметкерлер мен тәлімгерлердің кәсіби деңгейін арттыру мен көтермелеудің ұйымдастырушылық тетіктерін жетілдіру.

10.Инновациялық және цифрлық технологиялар:

- ✓ білім беру саласындағы мемлекеттік саясатқа сәйкес білім беру процесінің сапасын арттыру үшін инновациялық технологияларды іске асыру бойынша педагогикалық ұжымның жұмысын жүйелеу.
- ✓ Эксперименттік білім беру бағдарламасы танымдық-зерттеу қызметі бойынша 4 түрлі әдіс технологиясы арқылы инженерлік ойлау мен зерттеу мінез-құлқын дамыту" (қызығушылық-зерттеу-инженерия-ойын)" 2023-2026 жылдарға арналған

Жалпы мәліметтер

		балалардың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік, физикалық және зияткерлік дайындығын қалыптастыру.
20	Тәрбиеленушілерге жасаған қолайлы жағдай	Балабақшамызда тұзды шахта, робототехника, шығармашылық, би, каратэ, қазақ тілі үйірмелері жұмыс жасайды
21	Кадрмен қамтылуы	Барлығы педагог жұмыс жасайды. Әкімшілік басқару- 2, педагог саны-
22	Серіктестік байланыстар	Балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастық. “” мектеп
23	Педагогтың кәсіби өсуі	«Өрлеу БАҰО АҚ орталықтары өткізген курстардан 80 пайыз педагогтар өтті.

Кадрлық қамтамасыз ету	
Қызметкерлердің жалпы саны:	
Оның ішіндегі педагогикалық қызметкерлер саны	
- меңгеруші	**1**
- әдіскер	**1**
-тәрбиешілер	**10**
- педагог-психолог	**1**
- логопед	**0**
- дефектолог	**0**
-дене шынықтыру жөнінде нұсқаушы	**0**
- қазақ тілі мұғалімі	**0**
- және басқа педагогтер	**0**
Әлеуметтік серіктестер	
- Сарыағаш білім бөлімі әдістемелік орталығы	Ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу
- «Өрлеу»	Педагогикалық және басшы

	қызметкерлердің біліктілігін жоғарылату
- Сарыағаш білім бөлімі әдістемелік орталығы	Нормативтік құқықтық сүйемелдеу Есептілікті ұсыну Бақылау-талдау қызметі Инновациялық қызмет Кеңестерге, конференцияларға қатысу Педагог кадрларды аттестаттау

Топтар саны және олардың ерекшелігі, тәрбиеленушілердің саны

№	Топтың атауы	Жас топтары	Тілі	Тәрбиеленуші лердің саны	Тәрбиешілер
1	«Балапан» кіші топ	2	Қазақ	20	Бекмуратова Алия
2	«Балбөбек» кіші топ	2	Қазақ	20	Ботабаева Мадина
3	«Құлыншақ» ортаңғы топ	3	Қазақ	25	Саримамедова Мехпуле
4	«Шұғыла» ортаңғы топ	3	Қазақ	25	Топанова Жанар
	“Еркетай” ортаңғы топ	3	Қазақ	25	Асанова Айман
5	«Қарлығаш» ересек тобы	4	Қазақ	25	Ербосинова Қатира
6	“Сольнышко” ересек топ	4	орыс	25	Разуменко Надежда.
7	«Балдаурен» мектепалды даялық тобы	5	Қазақ	25	Тоқтиева Азиза
8	“Смешарики” мектеп алды даярлық топ	5	орыс	25	Шойбекова Рахима

2025 – 2026 оқу жылына арналған тәрбие-білім беру процесін талдау

II. 3 жыл кесіндісінде педагогтердің жасына, білім деңгейіне, біліктілік санатына және педагогикалық өтіліне байланысты сандық және сапалық құрамының деңгейін талдау

Оқу жылы	Барлығы	Жоғары санат	Бірінші санат	Екінші санат	Педагог модератор	Педагог сарапшы	Санаты жоқ
2022-2023	13	0%	1/3%	3/10%	0%	0%	5/16%
2023-2024	13	0%	0%	1/3%	6/20%	0%	7/22%
2024-2025	13	0%-	0%	0%	0%	0%	0%

Педагогтердің біліктілігін, кәсіби шеберлігін жоғарылату

№	Педагогтің Т.А..Ә.	Лауазымы	Өткен курстары (сертификаттың тақырыбы, берілген күні мен №, сағат саны)	Жоспарланған курстар		
				2023-2024 о.ж.	2024-2025 о.ж.	2025-2026 о.ж.
1	Ботабаева Мадина	Ән күй жетекшісі	мектепке дейінгі ұйымның музыка жетекшілерінің кәсіби құзеттілігін дамыту АО «НЦПК Өрлеу» 2023	✓		
2	Бекмуратова Алия	Тәрбиеші	мектепке дейінгі ұйымның музыка жетекшілерінің кәсіби құзеттілігін дамыту АО «НЦПК Өрлеу» 2023	✓		
3	Ботабаева Мадина	Тәрбиеші	мектепке дейінгі ұйымның музыка жетекшілерінің кәсіби құзеттілігін дамыту АО «НЦПК Өрлеу» 2023	✓		
4	Асанова Айман	Тәрбиеші	мектепке дейінгі ұйымның музыка жетекшілерінің кәсіби құзеттілігін дамыту АО «НЦПК Өрлеу» 2023	✓		
5	Топанова Жанар	Әдіскер	мектепке дейінгі ұйымның музыка жетекшілерінің	✓		

			кәсіби құзеттілігін дамыту АО «НЦПК Өрлеу» 2023			
6	Ербосинова Қатира	Тәрбиеші	мектепке дейінгі ұйымның музыка жетекшілерінің кәсіби құзеттілігін дамыту АО «НЦПК Өрлеу» 2023	✓		
7	Разуменко Надежда	Тәрбиеші	мектепке дейінгі ұйымның музыка жетекшілерінің кәсіби құзеттілігін дамыту АО «НЦПК Өрлеу» 2023	✓		
8	Шойбекова Рахима	Тәрбиеші	мектепке дейінгі ұйымның музыка жетекшілерінің кәсіби құзеттілігін дамыту АО «НЦПК Өрлеу» 2023	✓		
9	Тоқтиева Азиза	Тәрбиеші	мектепке дейінгі ұйымның музыка жетекшілерінің кәсіби құзеттілігін дамыту АО «НЦПК Өрлеу» 2023	✓		

Озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, енгізу, тарату және педагогтердің конкурстар мен іс-шараларға қатысуы

Педагогтерге арналған қалалық сайыстар	
«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі»	Әдістемелік орталықтың жоспары бойынша
«Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері»	
Балаларға арналған сайыстар	
«Шымырлық пен шеберлік күні» қалалық конкурсы (мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында)	Білім беруді жаңғырту орталығының жоспары бойынша
«Үздік бейне ұйымдастырылған іс-әрекеті» қалалық байқау, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында	
«Біз ойнаймыз,дамимыз, өсеміз» қалалық бейнесабақтар конкурсы/	
«Ертегілер еліне саяхат» байқауы, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында	
«Даланың алып қоңырауы» Республикалық педагогикалық оқулар конкурсының қалалық кезеңі (мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында)	

«Балалық шағымның шуақты биі» қалалық конкурсы (мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында)	
«Қызыққа толы сәттер» байқауы	
«Заманауи дәстүрлі емес сурет салу техникасы» тәжірибесінен қалалық шебер- сынып байқауы (мектепке дейінгі білім беру ұйымдары	
«Әкеммен құсты қорғаймын» қалалық конкурсы (мектепке дейінгі білім беру ұйымдары	
«Мен зерттеушімін» қалалық мектепке дейінгі жастағы балалар арасындағы қалалық байқау	
«Менің отбасым» ана тіліндегі өткізілетін шығармашылық қалалық байқау	
«Қазақшаң қалай, балақай!» байқауы, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында	
«Туған жерім –алтын бесігім» байқауы, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында	

Тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру

Анықтама: мектепке дейінгі ұйымда мектеп жасына дейінгі балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға қажетті жағдайлар қамтамасыз етіледі.

Мектепке дейінгі ұйымның үй-жайлары санитарлық-гигиеналық нормалар мен талаптарға сәйкес келуі керек.

Күн тәртібі білім беру процесіне қойылатын гигиеналық талаптарға сәйкес ұйымдастырылады.

Жылдық жоспарға сәйкес барлық педагогтер және қызмет көрсетуші персоналмен бірге ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде және күнделікті

өмірде, өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға қатысты қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша нұсқамалар жүргізіледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша мониторинг нәтижелері

Мектепке дейінгі ұйым жылына 3 рет мониторинг (бастапқы, аралық, қорытынды) арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасын іске асыру сапасына ішкі бағалау жүргізеді.

Анықтама: мониторинг әртүрлі жастағы топтардың типтік бағдарламасында анықталған күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін және баламен жеке жұмыс жүргізудегі педагогтің алдағы қызметін анықтауға мүмкіндік береді.

Тәрбие процесінің тиімділігі, сондай-ақ балалардың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін 2024 – 2025 оқу жылының қорытындылары бойынша мониторингтің бастапқы, аралық және қорытынды кезеңі жүргізіледі.

Жылдық жоспардың тараулары			
№	**Іс-әрекеттің мазмұны**	**Мерзімі**	**Жауапты**
1-тарау. Мектепке дейінгі ұйымның қызметін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету			
1.1	Мектепке дейінгі ұйымның 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекіту.	Тамыз	Меңгеруші, әдіскер
1.2.	Мектепке дейінгі ұйымдағы қызмет процесін ұйымдастыру бойынша негізгі заңнамалық, нұсқаулық, әдістемелік құжаттарды зерделеу және іске асыру.	Тамыз-қыркүйек	Меңгеруші
1.3.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделінің талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру.	Жыл бойы	Меңгеруші
1.4.	Мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі бағыттары бойынша бұйрықтар дайындау.	Тамыз	Меңгеруші
1.5.	Педагогтердің жұмыс кестесін құру.	Тамыз	Меңгеруші, әдіскер
1.6.	Педагогтердің перспективалық жұмыс жоспарларын құру.	Тамыз	Әдіскер
1.7.	Педагогтердің жұмыс кестесін бекіту.	Тамыз	Меңгеруші
1.8.	Ата-аналармен (заңды өкілдермен) шарттар жасасу.	Тамыз, жыл бойы	Меңгеруші
1.9.	Нұсқаулық-өкімдік құжаттарды дайындау (еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтау туралы).	Тамыз	Меңгеруші, шаруашылық меңгерушісі
1.10.	Мектепке дейінгі ұйымның педагог қызметкерлерінің штаттық кестесін бекіту және тарифтеу.	Тамыз- қыркүйек	Меңгеруші

1.11.	Мектепке дейінгі ұйымның Жарғысына сәйкес нормативтік құқықтық құжаттарды реттеу.	Жыл бойы	Меңгеруші
1.12.	Терроризмге қарсы қорғау бойынша кешенді шаралар жүргізу.	Жыл бойы	Меңгеруші
1.13.	Мектепке дейінгі ұйымның дамытушы заттық-кеңістіктік ортасын жаңарту және байыту жоспарына сәйкес материалдар мен жабдықтарды сатып алуға жобалар, өтінімдер құрастыру.	Жыл бойы	Меңгеруші, шаруашылық меңгерушісі
1.14.	Өндірістік жиналыстар мен нұсқаулықтар.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер, шаруашылық меңгерушісі
1.15.	Нормативтік талаптарға сәйкес еңбек шарттарын қайта қарау, қосымша келісімдерді ресімдеу.	Қыркүйек	Меңгеруші
1.16.	Білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесінің қызметін әдістемелік сүйемелдеу.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
1.17.	Мектепке дейінгі ұйымның 2025– 2026 оқу жылына арналған жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын құру және бекіту	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер
Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспары			
1.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқықтық актілерді әзірлеу және өзектендіру	Жыл бойы	Меңгеруші, психолог
2.	Сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі педагогикалық кеңеске мәселені енгізу	Жыл бойы	Меңгеруші, психолог
3.	Түсіндіру әңгімелесулерін өткізу (қолданыстағы заңнамадағы өзгерістермен танысу, мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолдану практикасын талқылау).	Жыл бойы	Меңгеруші, психолог
4.	Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбы бойынша меңгерушінің	Жылына 1 рет	Меңгеруші, психолог

	жанында мәжілістер ұйымдастыру және өткізу, оның ішінде: - сыйлықты алу және оны беру туралы хабарлама тәртібі бойынша; - сыйлықтар алғаны, пара алғаны және бергені, парақорлыққа делдал болғаны үшін жаза белгілеу туралы.		
5.	Азаматтар мен ұйымдардың өтініштерінде сыбайлас жемқорлық фактілері және мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің өзге де заңсыз әрекеттері туралы ақпараттың болуы тұрғысынан талдау.	Тұрақты	Меңгеруші, психолог
6.	Мектепке дейінгі ұйым педагогінің бос лауазымына орналасуға конкурстық рәсімдерді өткізу туралы құжаттаманы жариялау	Тұрақты негізде	Меңгеруші, психолог
7.	МДҰ әкімшілігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерін әзірлеу және қабылдауды қамтамасыз ету	Тұрақты	Меңгеруші, психолог
8.	«Сенім телефондары» және МДҰ әкімшілігінің жеке қабылдау өткізу кестелері бар ақпараттық стендтерді әзірлеу және орналастыру.	Тұрақты негізде	Меңгеруші, психолог
9.	Азаматтар тарапынан жіберілген шағын плакаттар, постер, жаднамаларды орналастыру және қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының алдын алу.	Тоқсан сайын	Меңгеруші, әдіскер
10.	Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізудің ашықтығын жоғарылату	Жарты жылда 1 рет	Меңгеруші, бухгалтер
11.	БАҚ-та, әлеуметтік желілер арқылы (Facebook, Instagram, Telegram), мектепке дейінгі ұйымның сайтында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы мақалалар жариялау.	Медиа-жоспарға сәйкес	Меңгеруші, әдіскер
12.	Ата-аналардан әртүрлі шығындарға ақшалай қаражат жинау оқиғалары бойынша олардың арасында сауалнама жүргізу	Сәуір – мамыр	Әдіскер

2-тарау. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасынның аясында “Адал азамат, Кәсіби маман” жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары			
№	**Іс-шараның атауы**	**Аяқталу нысаны**	**Жауапты**
Күнделікті іс-шара			
1.	«Шыншыл бала -арлы бала» мектеп жасына дейінгі балалармен ойындар өткізу	Ұйымдастырылған іс-әрекет, дербес іс-әрекет, серуендер, ертеңгіліктер, мерекелер, ойын-сауық	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушысы, қазақ тілінің педагогі, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі
2.	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру	Әңгімелесу	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі
3.	«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» – табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру	Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын, танымдық, эксперименталдық іс-әрекеті Ата-аналарға арналған жаднамалар, нұсқаулықтар, парақшалар	Мектепке дейінгі ұйымның, мектепалды сыныптың педагогтері, ата-аналар
4.	«Күй күмбірі» – балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықты, музыканы	Мектеп жасына дейінгі	Мектепке дейінгі

	эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру	балалардың ұйымдастырылған, шығармашылық, дербес іс-әрекеті	ұйымның музыкалық жетекшісі, тәрбиешілер, мектепалды сыныптың педагогі
Апта сайынғы іс-шаралар			
1.	«Менің Қазақстаным» – мемлекеттік мерекелерге арналған ертеңгіліктерде ересек және мектепалды топтардың/мектепалды сыныптардың тәрбиеленушілерінің Қазақстан Республикасының Гимнін орындауы	Ертеңгіліктер	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, музыкалық жетекшісі, әдіскері, дене шынықтыру нұсқаушысы
2.	«Апта дәйексөздері» – ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру, мнемо кестелерде ойнату	Дәйексөздерді ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру	Мектепке дейінгі ұйымның басшысы, әдіскері
3.	«Қауіпсіздік ережелері» – жол қозғалысы ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету	Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеті. Дидактикалық, сюжетті-рөлді ойындар, әңгімелесу, көркем шығармалар оқу	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы			

1.	1 қыркүйек – Білім күні «Балабақша – жайлы мекен»	Балабақшада экскурсия өткізу	Мектепке дейінгі ұйымның басшысы, әдіскері, педагогтері
2.	«Тілім менің тірегім»	Сурет конкурсы, семинар	Мекепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, қазақ тілінің педагогі
3.	«Бір кітап», «Кітап – менің қазынам», «Жас тыңдарман» жобалары аясындағы балалар кітапханасы	Жобалық іс-әрекет Кітап калейдоскопы	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері
4.	«SMART BALA» жобасы	Құрастыру бойынша балалар іс-әрекеті	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
5.	«Адал дос,сенімді тірек», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақша жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Адал тараз» ойындары – қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, еске сақтауды, қиялды, ұсақ қол	Дидактикалық, ұлттық, сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері

6.	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» «Дарабоз» (тәрбиеленушілердің арасында) «Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында)	Ұлттық ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушысы, әдіскері.
7.	Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру	Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы			
1	«Жас метеоролог» экологиялық жобасы	Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
2	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» Бестемше: «Бәріміз бірге мықтымыз» (мектепке дейінгі ұйымның педагогтері арасында)	Жарыс ойыны	Мектепке дейінгі ұйымның дене шынықтыру нұсқаушысы
3	«Мен Отаныммен мақтанамын!»	Ертеңгілік	Мектепке дейінгі ұйымның қазақ тілі педагогі, музыкалық жетекшісі

4	«Менің елім – Мәңгілік ел!»	Әдістемелік ұсынымдар	Мектепке дейінгі ұйымның әдіскері
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы			
1	«Ғажайып көлік түрлері»	Сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
2	«Қоғамдық мүлікті қорға»	Әңгімелесу	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
3	«Адалдық алаңы»	Мультфильм көру	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы			
1	«Республикам – мақтанышым!»	Ертеңгілік	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері
2	«Жапырақ тамырдан нәр алады» (тәрбиеленушілер мен ата-аналардың арасында)	Зияткерлік ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері
Қаңтар – заң және тәртіп айы			
1	«Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақша жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Адал тараз» ойындары – қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, еске сақтауды, қиялды,	Дидактикалық, ұлттық, сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
2	«Менің құқықтарым, менің міндеттерім» (мектепалды жастағы балалар үшін)	Әңгімелесу	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері

3	«Біз – экологпыз»	Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы			
1	«Мен – зерттеушімін» - өнертапқыштыққа алғашқы қадам.	Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
2	Ұлттық үстел үсті ойындары	Үстел үсті ойындары	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
3	«Өнерліміз, өркенбіз» (тәрбиеленушілермен олардың ата-аналары арасында)	Қолөнер бұйымдарының көрмесі	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, ата-аналар
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы			
1	«Ізгіліктің бір ізі – алғыс» (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының және педагогтердің қатысуымен)	Челлендж	Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері
2	«Еңбектің наны тәтті»	Ересектердің еңбегімен таныстыру бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері
3	«Наурыз – жыл басы!»	Ертеңгілік	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы			
1	«Шын жүректен кітап сыйла» – Халықаралық балалар кітабы күні	Челлендж	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, ата-аналар
2	Қоғамдық орында өзін-өзі ұстау мәдениеті	Сюжетті-рөлдік ойын	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
3	«Сауда үйі», «Сән салоны», «Емхана», «Автосервис» және басқалары	Сюжетті-рөлдік ойын	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
4	**Халықаралық балалар кітабы күні** — әр жыл сайын **2 сәуірде** атап өтіледі. Бұл күн суретші және ертегіші Ханс Кристиан Андерсеннің туған күні	Жазушының ертегілерін оқу,ертегіні сомдау	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
5	«Әжемнің ертегілері»	Жобалық жұмыс	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері ата-аналар, әжелер
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы			
1	«Достығымыз жарасқан»	Балалар суретінің көрмесі	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері
2	«Білімім – Отаныма!»	Ертеңгілік	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері
3	«Табиғатты сақтайық!»	Жобалау іс-әрекеті	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері
3-тарау. Саламатты өмір салтын ұйымдастыру			
№	**Тақырыбы**	**Мерзімдері**	**Жауапты**
2.1.	**Таңғы гимнастика:** - күнделікті жаттығулар (таза ауада орындау абзалырақ) және арнайы жаттығулар кешендері.	Күнделікті	Дене шынықтыру жөнінде нұсқаушы, педагогтер

2.2	**Таза ауадағы белсенді ойындар:** - аулада қимылды ойындар мен спорттық іс-шараларды ұйымдастыру; - саябақтарға, ормандарға, табиғатқа серуендеу және экскурсиялар.	Күні бойы	Дене шынықтыру жөнінде нұсқаушы, педагогтер
2.3.	**Дене шынықтыру бойынша жаттығулар:** - балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дене шынықтыру ҰІӘ тұрақты өткізу; - күнделікті режимге йога, би және басқа да белсенділік түрлерін қосу.	Тәрбиеші мен дене шынықтыру жөнінде нұсқаушының циклограммаларына сәйкес	Тәрбиешілер, дене шынықтыру жөнінде нұсқаушы
2.4.	**Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру:** - барлық жас топтары үшін үйлесімді және әртүрлі мәзірді әзірлеу; - балаларды дұрыс тамақтану негіздеріне оқыту бойынша іс-шараларды ұйымдастыру.	Тұрақты негізде	Меңгеруші, мейірбике, әдіскер, тәрбиешілер
2.5.	**Сырқаттардың алдын алу:** - тұрақты медициналық тексерулер және мамандардың кеңестері; - вакцинация және иммунитетті нығайту шаралары.	Мейірбикенің жұмыс жоспарына сәйкес	Мейірбике, тәрбиешілер
2.6.	**Гигиеналық дағдылар:** - балаларға жеке бас гигиенасының ережелерін үйрету; - балабақшада тазалық пен тәртіпті сақтау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру.	Күнделікті	Тәрбиешілер
2.7.	**Күн тәртібі:** - белсенді ойындар мен демалу уақытын ауыстыра отырып, күн тәртібін сақтау.	Күнделікті	Тәрбиешілер
2.8.	**Оқыту іс-шаралары:** - саламатты өмір салты туралы тақырыптық ҰІӘ мен әңгімелер өткізу; - ата-аналарды іс-шараларға қатысуға тарту.	Циклограммаларға сәйкес	Тәрбиешілер
2.9.	**Спорттық мерекелер мен жарыстар:** - барлық топтардағы Денсаулық апталығы.	Қыркүйек, қаңтар мен сәуірдің бірінші аптасы	Дене шынықтыру жөнінде нұсқаушы, педагогтер

2.10.	**Дене шынықтыру мерекелері:** «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу. «Біз спортшымыз» спорттық эстафета ойындары. «Мықты балақай» спорттық мереке. «Әкем, анам және мен» жарысы. «Шағын олимпиада» спорттық эстафета ойындары. «Жас турист» спорттық жарысы.	Күнделікті іс-шара Барлық топтарда тоқсанына 1 рет	Дене шынықтыру жөнінде нұсқаушы, педагогтер, мектепке дейінгі ұйымның әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі
4-тарау. Мектепке дейінгі ұйымдағы медицина қызметкерінің сауықтыру жұмысының жүйесі мен мазмұны			
3.1	**Физикалық денсаулықты сақтау және нығайту** Қозғалыс режимін ұйымдастыру: ● дене шынықтыру ҰІӘ; (жоспарға сәйкес) ● музыка ҰІӘ; (жоспарға сәйкес) ● қимылмен бой қыздыру (таңертең, күндізгі ұйқыдан кейін, ойын кезінде, ҰІӘ арасында, серуен кезінде); ● қозғалыстардың негізгі түрлерін дамыту бойынша жеке жұмыс; (жеке түзету жұмысының жоспарына сәйкес); ● спорттық бұрыштардың физикалық жабдықтарын пайдалана отырып, балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі; (режимге сәйкес) ● сауықтыратын жүгіріс; ● шағын туризм; ● дене шынықтыру мерекелері, бос уақыт.	Тұрақты	Тәрбиешілер, мейірбике, муз.жетекші
3.2.	СанПиН талаптарына сәйкес күн тәртібін ұйымдастыру	Тұрақты	Тәрбиешілер, мейірбике
3.3.	Тамақтану жүйесін ұйымдастыру: - мәзірге көкөністер, жемістер, шырындар қосу; - тамақтануды дәрумендендіру; - аллергиямен ауыратын балалардың тамақтануын ұйымдастыру.	Тұрақты	Мейірбике

3.4.	Жылдық жоспарға сәйкес балалар, ата-аналар, қызметкерлер арасында **сауықтыру іс-шараларын өткізу.** Жұмыс тақырыбы: ● тұмаудың алдын алу шаралары; ● тері аурулары; ● дұрыс тамақтану; ● ішек аурулары; ● құрт инфекциясының алдын алу; ● балалардың, тәрбиешілердің жеке басының гигиенасы; ● профилактикалық вакцинация; ● ауа-тамшы жолымен берілетін аурулардан қорғау. **Емдеу-профилактикалық жұмысы:** ● тыныс алу гимнастикасы; ● өз-өзіне массаж жасау; ● топтық үй-жайларды кварцтау; ● ауаны гидроионизациялау; тұмау мен коронавирустың алдын алу: ● вакцинация; ● аскорбин қышқылы; ● оксолин жақпасы; ● сарымсақ «моншақтары».	Тұрақты	Мейірбике
3.5.	**Оңалту жұмысы:** - жиі ауыратын балалармен профилактикалық жұмыстың жеке жоспарларын әзірлеу.	Тұрақты	Мейірбике
3.6.	**Шынықтыру процедуралары:** ● ауа ванналары ● (жеңіл киім, маусымға сәйкес киім); ● жазда топта, шөп үстінде жалаңаяқ және денсаулық жолымен жүру; ● серуен, дене шынықтыру ҰІӘ, таңертеңгі гимнастика; ● терезе ашық кезде серуендеу; ● таза ауада сауықтыратын жүгіріс. ● сумен ойын ойнау (топта – қыста, таза ауада – жазда); ● күн ванналары.	Тұрақты	Мейірбике, тәрбиешілер
3.7	**Түзету-дамыту жұмысы:** ● жалпақ табан және дене сымбаты бұзылуының алдын алу:	Тұрақты	Мейірбике, тәрбиешілер

	● таңғы гимнастика; ● дене шынықтыру ҰІӘ; ● физ/минуттар.		
3.8	**Бақылау және басшылық:** ● таңертеңгілік қабылдауды сапалы өткізу; ● серуендеуді ұйымдастыру; ● шынықтыру процедураларын ұйымдастыру; ● дене шынықтыру ҰІӘ ұйымдастыру; ● желдетуді, кварцтауды жүргізу; ● ауыз су, температура режимі; ● тамақтануды ұйымдастыру; ● режимдік сәттерді біртіндеп және дәйекті ұйымдастыру принципін сақтау.	Жыл бойы	Әдіскер, мейірбике, тәрбиешілер
3.9	Сырқаттанушылықты талдау нәтижелері бойынша медициналық-педагогикалық кеңестер өткізу.	Ай сайын, жыл бойы	Әдіскер мейірбике, тәрбиешілер
3.10	Қозғалыс дағдыларының жүйелі дамуын, топтардағы балалардың тыныс-тіршілігін ұйымдастыруды бақылауды жүзеге асыру.	Жыл бойы	Әдіскер, мейірбике, тәрбиешілер
3.11	Бейімделу кезеңінде балалармен жұмыс ұйымдастыруға бақылауды жүзеге асыру.	Бейімделу кезеңінде	Әдіскер, психолог, мейірбике
3.12.	**Заттық-дамытушы ортаны жабдықтау:** - топтар үшін дене шынықтыру жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтар сатып алу.	Жыл бойы	Меңгеруші, мейірбике
3.13	**Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру** ● маусымдарға қарай перспективалық мәзір әзірлеу; ● тағамдар мен аспаздық өнімдердің технологиялық карталарын жасау; ● рационның энергетикалық құндылығы балалардың энергия шығындарына сәйкестігі; ● мәзірді табиғи шырындар, жемістер және көкөністермен байыту;	Жыл бойы (маусымға қарай: көктем – жаз, қыс – күз)	Меңгеруші, мейірбике, тәрбиешілер

	● тамақтану арасындағы уақыт пен аралықты сақтау; ● балалардың жасына сәйкес дастарқанды эстетикалық тұрғыдан жабдықтау.		
3.14	**Тамақтану рационы:** - тамақтану рационының сапалық және сандық құрамы, оның жас және физиологиялық қажеттіліктерге сәйкестігі; - рационды қалыптастыру бойынша талаптар мен ұсынымдарды сақтау; - тамақтануда қолданылатын өнімдердің ассортименті.	10 күнде 1 рет	Меңгеруші, мейірбике, қоймашы
3.15	**Тамақтану режимі:** - тамақтану режимі мен тамақтану жағдайларының жас және гигиеналық талаптарға сәйкестігі	Аптасына 1 рет	Мейірбике
3.16	**Тамақ өндіру технологиясы:** - технологиялық құжаттаманы ресімдеудің дұрыстығы; - қажетті нормативтік-техникалық құжаттаманың болуы; - тамақ өндіру кезінде санитарлық-технологиялық талаптарды сақтау.	Жарты жылда 1 рет	Мейірбике, шаруашылық меңгерушісі, қоймашы
3.17	**Асхана ыдыстары:** - ыдыс жуу сапасы, оның таңбалануы	Аптасына 1 рет	Шар.меңгерушісі, қоймашы, мейірбике
3.18	**Азық-түлік:** - сақтау мерзімі мен шарттары; - тоңазытқыш жабдығының ақауы болмауы; - тоңазытқыш шкафтарда температуралық режимді сақтау; - азық-түлік сақтау.	Аптасына 1 рет	Шаруашылық меңгерушісі, қоймашы, мейірбике
3.19	**Қызметкерлерден сауалнама алу:** - персоналда суық тию мен іріңді аурулардың бар-жоғын тексеру жағдайы; - ішек инфекцияларының бар-жоғына сауалнама; - ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиенасы ережелерін сақтауы; - медициналық тексеруден, вакцинациядан, гигиеналық	Күнделікті Тұрақты	Мейірбике

	аттестаттаудан уақтылы өткендігі. **Үй-жайдың санитарлық жағдайы:** - күрделі тазалау жүргізу жиілігін сақтау.	Екі айда 1 рет	
3.20	**Персонал:** - МДҰ-да жұмыс істейтіндердің барлығында медициналық тексерулердің нәтижелері бар санитарлық кітапшалары болуы, медициналық тексерулерден уақтылы өтуі.	Жылына 2 рет	Мейірбике
3.21	**Педагогтер мен қызмет көрсетуші персонал:** - балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықты орындау.	Айына 1 рет	Мейірбике
3.22.	**Азық-түлік пен дайын өнімдерді тарату:** - қолдану мерзімдері, қолдану шарттары; - дайын тағамның температурасы бойынша талаптарды сақтау; - аспаздық өңдеуге дайындалған азық-тілік пен дайын тағамды тағамханада сақтау мерзімі.	Күнделікті	Мейірбике
3.23	**Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту бойынша бақылау циклограммасы:** - әр топтың балалар тізімін бекіту; - медициналық-педагогикалық бақылау «Дене шынықтыру ҰІӘ жалпы және қимыл тығыздығы, антропометрия, өкпе қуатын өлшеу, динамометрия, лақтыру және секіру қашықтығын өлшеу»; - бракераж журналын жүргізу; - профилактикалық тексерулер жүргізу, Ф26, Ф 63 үлгісінің екпелерін егу; - «Д» тізіміндегі балаларды тексеру; - әр баланың психикалық дамуын бағалау, денсаулық тобын анықтау.	Күнделікті	Меңгеруші, мейірбике
3.24	Ауа температурасы. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы	Аптасына 1 рет, тоқсанына 1 рет	Мейірбике
3.25	Жасанды жарықтандыру деңгейі	Жылына 1 рет	Мейірбике
3.26	Желдету режимі	Айына 1 рет	Мейірбике

3.24	Таңбалау және бойға сәйкестік	Жылына 2 рет	Мейірбике, шаруашылық меңгерушісі
3.25	Күрделі тазалау жүргізу жиілігін және олардың сапасын сақтау	Айына 1 рет	Мейірбике, шаруашылық меңгерушісі
3.26	Ағымдағы тазалауды жүргізу сапасы	Аптасына 1 рет	Мейірбике, шаруашылық меңгерушісі
3.27	Жинау құрал-жабдықтары, жуу және дезинфекциялау құралдарымен қамтамасыз етілу жағдайы. Оларды сақтау шарттары.	Айына 1 рет	Мейірбике, шаруашылық меңгерушісі
3.28	**Мектепке дейінгі ұйымның аумағы** Қоршаудың жарамдылығы. Шағын формалардың жағдайы. Балалар ойнайтын құмның болуы. Құмды өңдеу. Санитарлық күтім.	Жылына 2 рет Күнделікті	Меңгеруші, мейірбике, шаруашылық меңгерушісі
5-тарау. «Педагогтермен жұмыс»			
Кәсіби шеберлікті арттыру және қызметті бағалау			
4.1.	Педагогтердің біліктілігін арттырудың 2025 - 2026 оқу жылына арналған перспективалық жоспарын және педагогтердің біліктілігін арттыру курстары бойынша өтінімдер жасау.	1 маусымға дейін	Меңгеруші, әдіскер
4.2.	Тәрбиешілерге балалардың дамуына мониторинг жүргізуге және дайындауға әдістемелік көмек көрсету.	Қыркүйек, қаңтар, мамыр	Әдіскер
4.2.	Педагогтердің әртүрлі деңгейдегі семинарлар, вебинарлар, конференциялар мен конкурстарға қатысуы (ББ, ҚР ОАМ тізбесіне сәйкес).	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
4.3.	Заттық-кеңістіктік ортаны дамыту үшін педагогтерге әдістемелік көмек көрсету.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
4.4.	Құжаттаманы жүргізуге әдістемелік көмек көрсету.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
4.5.	Мектепке дейінгі ұйымның жұмыс жоспары бойынша әдістемелік іс-	Жыл бойы	Әдіскер

	шараларды ұйымдастыруға және өткізуге әдістемелік, практикалық көмек.		
4.6.	Педагогтер өз әріптестерінің ҰІӘ қатысуын ұйымдастыру.	Жыл бойы	Әдіскер
4.7.	Педагогикалық қызметкерлердің өзін-өзі тәрбиелеу бағыттарын анықтау, өзін-өзі тәрбиелеудің жеке жоспарын құру.	Жыл бойы	Әдіскер
Педагогикалық кадрларды аттестаттау			
4.8.	Педагогтерді атқаратын лауазымына сәйкестігіне аттестаттау үшін аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту.	Қыркүйек	Меңгеруші
4.9.	Педагогикалық кадрлардың атқаратын лауазымына және біліктілік санатына сәйкестігін аттестаттау кестесін жасау.	Қыркүйек	Әдіскер
4.10	Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын құру.	Қыркүйек	Әдіскер
4.11	Жаңа әдістемелік нұсқауларды зерделеу бойынша оқыту семинарын өткізу, мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтерін жаңа жүйе бойынша аттестаттаудан өткізу.	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
4.12	«Педагогтің психологиялық дайындығы» тренингі.	Психологтің жоспарына сәйкес	Психолог
4.13	Аттестаттаудан өтуге тіркелу үшін педагогтердің өтініш беруін ұйымдастыру және дайындау.	Ағымдағы оқу жылының 1 қыркүйегінен 31 желтоқсанына дейін	Педагогтер
4.14	Педагог қызметінің және жетістіктерінің біліктілік санатының талаптарына сәйкестігін бағалау үшін комиссия құру.	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
4.15	Аттестаттау мәселелері бойынша педагогтерге арналған жеке консультациялар.	Жыл бойы	Әдіскер
4.16	Педагогтерге педагогикалық қызметтің нәтижелерін растайтын материалдарды	Жыл бойы	Әдіскер

	ресімдеуге көмектесу.		
4.17	Қызмет нәтижелерін кешенді түрде қорыту үшін материалдарды (портфолионы) сараптамалық кеңеске жіберу.	Жылына 1 рет	Комиссия
4.18	Ақпарат жинау және бағалау парақтарын рәсімдеу.	Ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 шілдесіне дейін	Сараптамалық кеңес
4.19	Педагогикалық кадрларды атқаратын лауазымына және біліктілік санатына сәйкестігіне аттестаттауды сүйемелдеу. Педагогтерді ПББ тапсыруға дайындау.	ЖАО кестесіне сәйкес	Педагогтер
Жас және жаңа мамандармен жұмысты ұйымдастыру			
4.20	«Тәлімгерлікті ұйымдастыру» атты тәлімгерлерге арналған семинар өткізу.	Қыркүйек	Әдіскер
4.21	Құжаттаманы құрастыру бойынша консультациялар өткізу: - перспективалық жоспарлау; - циклограммалар; - баланың даму карталары.	Қыркүйек- қазан	Әдіскер
4.22	ҰІӘ және басқа іс-шараларға қатысу және оны кейін талдау.	Қараша	Әдіскер
4.23	«Тәрбие-білім беру қызметін ұйымдастырудағы жеке тәсіл» атты дөңгелек үстел.	Желтоқсан	Әдіскер
4.24	Кәсіби қызметтегі қиындықтарды анықтау мақсатында сауалнама жүргізу.	Тоқсанына 1 рет	Әдіскер

6-тарау. МДҰ педагогикалық кеңесі.		
Тақырыбы, міндеті, мазмұны	**Мерзімі**	**Жауапты**
№ 1-педагогикалық кеңес Бастапқы педагогикалық кеңес Тақырыбы: «Педагогикалық старт. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымның 2025 - 2026 оқу жылына арналған қызметін ұйымдастыру және жоспарлау». **Мақсаты:** мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық қызметкерлерін 2025-2026 оқу жылына арналған ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды		

сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік хатпен таныстыру, жаңа оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының басым бағыттарын талқылау.		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі: 1. Алдыңғы өткен педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2.Жазғы сауықтыру нәтижелері. 3.2025 - 2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау: - мектепке дейінгі ұйымды дамытудың негізгі басымдықтарын талқылау; - «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын аясында “Адал азамат,Кәсиби маман” тақырыбын жүзеге асыруды ұйымдастыру; - педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау: жаңа тәртіп пен біліктілік санаттары; - балалардың кешенді қауіпсіздігі стратегиясы, педагогтер мен ата-аналар нені білуі керек? 4.Бекіту: - жеке, бейімделген даму бағдарламалары, ұйымдастырылған іс-әрекет регламенті, күн тәртібі; - педагогтердің перспективалық жоспарларын қарастыру және қабылдау; - 2025-2026 оқу жылына педагог қызметкерлердің өз білімін жетілдіру жоспарлары; - үйірме жұмысының циклограммалары; - жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің төрағасын, хатшысын таңдау; - аттестаттау комиссиясының мүшелерін таңдау; - инновациялық қызмет бойынша шығармашылық топтардың құрамын бекіту. 5.Ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмыс	Тамыз	Меңгеруші Әдіскер Мейірбике Педагогтер
№1-педагогикалық кеңеске дайындық		
1.Жазғы сауықтыру кезеңінде мектепке дейінгі ұйым жұмысының нәтижелері туралы талдамалық есеп құрастыру. 2. МДҰ 2024/2025 оқу жылындағы жұмыс қорытындыларын талқылау. 3.Педагогикалық қызметкерлердің	Тамыз Мамыр-тамыз	МДҰ педагогтері

біліктілігін арттыру, педагогтерді аттестаттаудан өту кестесін құру. 4.МДТБ МЖМС талаптарына сәйкес жеке, бейімделген даму бағдарламаларын, ұйымдастырылған іс-әрекет регламентін, күн режимін әзірлеу.	20 тамызға дейін	
№ 2-педагогикалық кеңес **Дәстүрден тыс тақырыптық педагогикалық кеңес** (цифрлық платформада) **Тақырыбы:** «STEM-технология мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделін іске асыру шеңберінде баланы дамытудағы инновациялық тәсіл ретінде». **Мақсаты:** педагогтерді белсендіру әдістерін пайдаланып, оларды баланың дамуына инновациялық көзқарас мәселелерінде өзінің құзыреттілігін бағалауға қатысуға тарту.		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі 1. № 1-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. «Үздік жобалық қызмет» байқауының қорытындысын талқылау. 3. Тақырыптық бақылаудың нәтижелері: STEM технологиясын баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде енгізудің тиімділігі. 4. «Педагог жәрмеңкесі» жұмыс тәжірибесінің өз-өзін таныстыру (біліктілік санатын жоғарылатуға үміткер педагогтер). 5. Жол-көлік жарақаттарының профилактикалық жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау. 6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.	Желтоқсан	Меңгеруші Әдіскер Психолог Педагогтер
№2-педагогикалық кеңеске дайындық		
1. «Үздік жобалық қызмет» конкурсы. 2. **Тақырыптық бақылау:** «Бала дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде STEM-технологиясын енгізудің тиімділігі». 3**. «Педагог жәрмеңкесі»** жұмыс тәжірибесінің өз-өзін таныстыру материалдарын дайындау.	Қазан – қараша	МДҰ педагогтері
№3-педагогикалық кеңес. Іскерлік ойын. **Тақырыбы:** «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Адал азамат Кәсіби маман» іске асыру кезінде мектепке дейінгі ұйымдарда адамгершілік-патриоттық тәрбие беру». **Мақсаты:** адамгершілік-патриоттық тәрбие бойынша жұмыс жүйесін жетілдіру жолдары мен тәсілдерін		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі 1. № 2-педагогикалық кеңестің шешімдерін	Наурыз	Меңгеруші, әдіскер,

орындау. 2. «Адамгершілік-патриоттық сезімдерді қалыптастырудың әртүрлі әдістерін енгізу бойынша педагогтің балалармен бірлескен қызметінің үзінділері» атты бейнелі очерк. 3. «Адамгершілік-патриоттық тәрбие бойынша үздік әзірлемелер» атты педагогикалық шеберлік конкурсының қорытындыларын талқылау. 4.Тақырыптық бақылаудың қорытындылары: «Заттық-дамытушы ортаны, осы бағыт бойынша педпроцесс ұйымдастыру үшін тиісті жағдайлар мен әртүрлі құралдардың болуын бағалау». 5. Білім беру қызметіндегі сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алу туралы: шаралар, міндеттер және қызметкерлердің жауапкершілігі. 6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.		педагогтер
№3-педагогикалық кеңеске дайындық		
«Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру кезінде мектепке дейінгі ұйымдарда адамгершілік-патриоттық тәрбие беру» атты оқыту **семинары.**	Ақпан	Әдіскер, тәрбиешілер
«Адамгершілік-патриоттық тәрбие бойынша үздік әзірлеме» педагогикалық шеберлік **конкурсы.**	Ақпан	Меңгеруші, әдіскер
Тақырыптық бақылау: «Заттық-дамытушы ортаны, осы бағыт бойынша педпроцесс ұйымдастыру үшін тиісті жағдайлар мен әртүрлі құралдардың болуын бағалау».	Қаңтар-наурыз	Әдіскер, тәрбиешілер
№4-педагогикалық кеңес. Қорытынды **Мақсаты:** педагогикалық ұжымның негізгі міндеттерді іске асыруының тиімділігін анықтау; - барлық жас топтарындағы білім беру жұмысындағы проблемаларды анықтау және талдау; - келесі оқу жылына арналған негізгі бағыттарды белгілеу; - жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту.		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі 1. № 3-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. 2025/ 2026 оқу жылындағы жұмыстың нәтижелілігі, жұмысты талдау.	Мамыр	Әдіскер Тәрбиешілер

3. Балалардың даму мониторингін талдау. 4. Топ тәрбиешілерінің оқу жылында атқарған жұмыстары туралы есебі. 5. Мектепке дейінгі ұйым мамандарының 2025/2026 оқу жылындағы қызметінің есептері. 6. Мектепке дейінгі ұйым қызметінің 2025-2026 оқу жылына арналған негізгі бағыттарының жобасын анықтау. 7. 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыстың жылдық міндеттерін бекіту. 8. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту. 9. Педагогикалық кеңестің шешімі.		Мамандар
№4-педагогикалық кеңеске дайындық		
1.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша балалардың даму деңгейінің мониторингі. 2. «Білім беру қызметінің сапасына ата-аналардың қанағаттануы» атты әлеуметтік сауалнама. 3. Ұйымдастырылған іс-әрекетті талдау. 4. Балалардың 2025-2026 оқу жылындағы денсаулық көрсеткіштерін талдау. 5.Жылдық міндеттерді іске асыру, педагогтердің өз білімін жетілдіруі бойынша есептер дайындау. 6.Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарының жобасын әзірлеу.	Сәуір-мамыр	Әдіскер, мамандар, тәрбиешілер, мейірбике
Ұйымдастырушылық-әдістемелік іс-шаралар (әдістемелік кабинет)		
Жылдық міндеттерді іске асыру бойынша іс-шаралар	**Мерзімі**	**Жауапты**
Педагогикалық жалпы оқыту: «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» мектепке дейінгі ұйымдарда “Адал азамат,Кәсіби маман” тәрбие беруді ұйымдастыру».	Қыркүйек	Әдіскер
Семинар: «STEM-технология – мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы жаңа кезең».	Қазан	Әдіскер, тәрбиешілер
Симпозиум: «Заманауи білім беру кеңістігіндегі жобалық қызмет».	Қараша	Әдіскер, тәрбиешілер

Ата-аналарға кеңес беру: LEGO-ны қалай дұрыс таңдаймыз?	Қараша	Әдіскер, тәрбиешілер
Семинар: «Конструктордан роботқа дейін: болашақ инженерлерді өсіреміз».	Желтоқсан	Әдіскер, тәрбиешілер
Педагогикалық шеберхана: «LEGO әлемі: арманымызды құрастырамыз» жобалық қызметін ұйымдастыру.	Қаңтар	Әдіскер, тәрбиешілер
Педагогикалық ринг: «Мектеп жасына дейінгі балаларға LEGO оқытуды ұйымдастыру формалары».	Ақпан	Әдіскер, тәрбиешілер
Педагогикалық отырыстар: «МДҰ педагогінің кәсіби мәдениеті: білім беру процесіне қатысушылармен арадағы қақтығыстарды қалай болдырмауға болады?»	Наурыз	Әдіскер, тәрбиешілер
Тәжірибе алмасу: «Ата-аналардың құзыреттерін қалыптастыратын және дамытатын орталықтар ретінде әрекеттесу және қолдау үшін қамқоршылық кеңестерін құру».	Сәуір	Әдіскер тәрбиешілер
Педагогтерге арналған консультация. Даму бұзылыстарының алдын алу және түзету: - ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс; - сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған түзету әдістемелері.	Сәуір	Әдіскер, психолог, логопед, мамандар, тәрбиешілер
Диалог алаңы: «МДҰ әлеуметтік желілерінің парақшалары (Instagram, Facebook, Telegram) арқылы ақпарат алатын ата-аналармен байланыс орнату, балаларды тәрбиелеуге қатысты мәселелер бойынша педагогикалық қолдау көрсету, отбасымен ынтымақтастық.»	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
«Волонтер балалар» атты дөңгелек үстел. Ересек жас тобындағы тәрбиеленушілерді рухани-адамгершілік дамыту.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер
Әдістемелік ұсынымдар: «Мобильді мессенджерлерде және әлеуметтік желілерде педагогтің ата-аналармен өзара әрекеттесуінің интерактивті нысандары: этика мен жанжалсыз қарым-қатынастың	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер

негізгі ережелері».		
Педагогтермен жұмыстың әдістемелік жоспарын іске асыру бойынша іс-шаралар		
Педагогтерге кеңес беру: **МДҰ-ғы интерактивті және цифрлық технологиялар:** - интерактивті тақталар мен планшеттерді пайдалану; - балаларға арналған білім беру бағдарламалары мен қосымшалар; - Интернеттегі қауіпсіздік және сандық сауаттылық.	Қыркүйек	Педагог-логопед
Семинар: «Балалармен жұмысты ұйымдастырғанда цифрлық ресурстарды білім беру кеңістігін кеңейту құралы ретінде пайдалану». Күн тәртібі: 1.Педагогтердің кәсіби шеберлік деңгейін арттыру. 2. Бейнероликтерді монтаждау бойынша шеберлік сағаты. 3.Әлеуметтік желілерге арналған фотосуретке түсіру бойынша шеберлік сағаты.	Қазан	Әдіскер, педагогтер
Педагогикалық марафон: Педагогтердің бір-бірінің ҰІӘ-не қатысуын ұйымдастыру және т.б.	Педагогтерді аттестаттау кестесі бойынша	Әдіскер, тәрбиешілер, педагогтер-мамандар
Әдістемелік қызмет: **Сөйлеуді дамыту және тілдік дағдылар:** - балалардың үйлесімді сөйлеуін дамыту; - оқуды үйрену үшін ойын әдістерін қолдану.	Қазан	Әдіскер, тәрбиешілер
Педагогтерге арналған консультациялар. **Экологиялық тәрбие**: - балаларға экология негіздерін таныстыру; - табиғатты бақылау мен экскурсиялар ұйымдастыру; - экологиялық жобалар мен акциялар.	Қазан	Әдіскер, тәрбиешілер, мамандар
Педагогикалық сандық: Балаларға өзара ынтымақтаса әрекет етуді қалай үйретеміз? Психологиялық ойындар мен жаттығулар.	Қараша	Психолог, әдіскер, тәрбиешілер

Педагогтерге арналған консультациялар: Дене шынықтыру ертегісі мектеп жасына дейінгі балалардың моторикасын дамыту құралы ретінде.	Желтоқсан	Әдіскер, тәрбиешілер, дене шынықтыру жөнінде нұсқаушы
Педагогтердің презентациялары. Шығармашылық даму: - көркемдік дағдыларды дамыту әдістері; - музыка ҰІӘ және есту қабілетін дамыту; - тәрбиедегі театр қойылымдарының рөлі.	Қаңтар	Әдіскер, тәрбиешілер
Педагогикалық очерк Үйде балалар ойындарын ұйымдастырудың ең үздік білім беру тәжірибелері.	Ақпан	Әдіскер, тәрбиешілер
Әдістемелік шолу Мектеп жасына дейінгі балаларды валеологиялық оқыту: гигиеналық және моторлық мәдениеттің маңыздылығы, денсаулық және оны нығайту құралдары, ағза жұмысы және қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы идеяларды дамыту.	Наурыз	Әдіскер, тәрбиешілер, дене шынықтыру жөнінде нұсқаушы
Экспедиция сайты Өзін-өзі тәрбиелеу арқылы құзыреттілікті арттыру резервтерін іздеу (педагогтердің тәрбиеленушілермен білім беру қызметін жүзеге асыру мәселелерін өз бетінше зерттеуі; жылдық міндеттерді іске асыру; әдістемелік тақырыпты іске асыру.	Сәуір	Әдіскер, тәрбиешілер
Шығармашылық қонақ бөлмесі: Өздігінен білім алу арқылы кәсіби шеберлікті арттыру, педагогтердің әдістемелік тақырыптар бойынша шығармашылық есептері.	Сәуір	Әдіскер, тәрбиешілер, мамандар
Педагогтердің презентациялары **Ғылыми-танымдық даму:** - Ұлттық құндылық негіздері бойынша ойын-жобалары; - тәжірибелік-эксперименттік қызмет; - техника және технологиялар әлеміне кіріспе.	Мамыр	Әдіскер, тәрбиешілер, мамандар
Ата-аналар жиналысының сценарийін дөңгелек үстел түрінде талқылау: «Балалардың цифрлық сауаттылығы».	Мамыр	Әдіскер, тәрбиешілер, мамандар
Құзыреттілік орталықтары мен шығармашылық топтардың жұмысы		

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын мектепке дейінгі білім беру деңгейінде іске асыру үшін материал әзірлеу.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, мамандар
2023-2026 жылдарға арналған «4 түрлі әдіс технологиясы арқылы инженерлік ойлау мен зерттеу мінезқұлқын дамыту" (қызығушылық-зерттеу-инженерия-ойын)" тұжырымдамасының жобасын іске асыру үшін материал әзірлеу.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, мамандар
7-тарау. Бақылау және басшылық		
● **Фронталды:** ● аттестаттау процедурасы алдында МДҰ қызметін кешенді бағалау (өзін-өзі бағалау) ; ● балалардың мектепте оқуға дайындығын анықтау (мектепалды топтар).	Сәуір Мамыр	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер
Тақырыптық: ● STEM технологиясын баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде енгізудің тиімділігі ● Тәрбиешінің кәсіби біліктерін бағалау. Оның балалармен жұмыс істегенде қолданатын әдістері мен тәсілдернің тиімділігі. ● Заттық-дамытушы ортаны бағалау, осы бағыт бойынша педпроцесс ұйымдастыру үшін түрлі жағдайлар мен оқу құралдары болуы. ● Баланың дамуы үшін ата-аналармен өзара әрекеттесу. Ата-аналарға педагогикалық білім берудің әртүрлі формаларын қолдану. Ата-аналардың педагог жұмысының нәтижелілігін бағалауы.	Қазан Желтоқсан Ақпан Сәуір	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер
Шұғыл: ● балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықты орындау; ● топтардың жаңа оқу жылына дайындығын анықтау; ● тәрбие-білім беру процесін жүзеге	Қыркүйек Қазан	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, мейірбике, мамандар

асыру; ● күн тәртібінде сауықтыру іс-шараларын өткізу; ● тамақтануды ұйымдастыру; ● жуыну кезіндегі мәдени-гигиеналық дағдылар; ● тамақтану кезіндегі мәдени-гигиеналық дағдылар; ● ҰІӘ қатысу; ● балалардың даму деңгейін бақылау; ● балаларды медициналық тексеруден өткізу нәтижелері; ● сырқаттанушылықты талдау; ● мектепке дейінгі және мектеп жұмысындағы сабақтастық мәселелері; ● балалармен жеке жұмыс ұйымдастыру; ● педагогтердің кәсіби біліктілігі мен педагогикалық шеберлігін арттыру; ● кітап бұрыштарының мазмұны; ● жас педагогтермен жұмыс, тәлімгерлік; ● ішкі тәртіп ережелерін сақтау; ● қауіпсіздік техникасы; ● материалдық базаны нығайту.	Қараша Желтоқсан Қаңтар Ақпан Наурыз Сәуір Мамыр Маусым	
Көрмелер		
Күз сыйлары: • «Гүлденген әлем» тіл апталығына сурет көрмесі. • «Менің отбасым» бейне ролик байқауы ● егін жинау, көкөністер мен жемістерге арналған жұмыстар; ● табиғи материалдардан композициялар жасау; ● «Табиғаттың сұлулығы», «Табиғат аясындағы бір күн» ата-аналармен бірлескен жұмыстың эко-фотокөрмесі және т. б..	Қыркүйек	Әдіскер, тәрбиешілер
Жануарлар және олардың тіршілік ету ортасы (экология): ● жабайы және үй жануарларына арналған суреттер мен қолөнер; ● экожүйелер мен табиғи қорықтарды зерттеу;	Қазан	Әдіскер, тәрбиешілер

● ата-аналармен бірге экологиялық десант өткізу.		
Қиял әлемі: ● фантастикалық жаратылыстар, ойдан шығарылған әлемдер және шытырман оқиғалар тақырыбындағы шығармашылық жұмыстар; ● ерекше материалдар мен әдістерді қолдану. **«Өнерліміз, өркенбіз»** (тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының арасында ● Маусымдық қолөнер: белгілі бір жыл мезгіліне байланысты қолөнер жасау (мысалы, қысқы қар ұлпалары және т. б.). ● Мерекелік әшекейлер: жаңа жылдық ойыншықтар, қысқы қолөнер. ● Дәстүрлі қолөнер: кесте тігу, өрмек өру, тоқыма тоқу, аймақтың мәдени дәстүрлерін бейнелейтін қуыршақтар жасау. ● Экологиялық қолөнер: балаларға экологиялық тәрбие беру үшін пайдалы болатын қолөнер бұйымдарын жасауға қайта өңделетін материалдарды немесе табиғи материалдарды пайдалану. **Менің сүйікті ертегім:** ● сүйікті ертегілер мен мультфильмдерге негізделген иллюстрациялар және қолөнер; ● ертегі сюжеттерінен кейіпкерлер мен көріністер жасау; ● отбасының бейне жобаларын жасау.	Қараша Қаңтар	Әдіскер, тәрбиешілер Әдіскер, тәрбиешілер
Мерекелер мен салт-дәстүрлер: Балалардың шығармашылық жұмыстарының (қолөнерінің) көрмесі: ● әртүрлі мерекелерге арналған жұмыстар:Алтын күз, Жаңа жыл, Наурыз, туған күн және т. б.; ● дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерттеу және бейнелеу; ● ата-аналарды қатыстыра отырып, мектеп, кітапхана, театрмен бірлескен іс-шаралар өткізу.	Жыл бойы	Әдіскер, тәрбиешілер ән-күй жетекшілері

Байқаулар ұйымдастыру: - үздік сурет: «Балалар және жол»; - «Балалар және бағдаршам» фото-байқауы; - «Балабақшаға барар жолдағы қауіпсіздік» бейнелі сюжет. Балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл	Сәуір	Әдіскер, Тәрбиешілер Ән-күй жетекшілері
«Біртұтас тәрбие» “Адал азамат,кәсіби маман” бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жобалау іс-әрекеті		
«Адал еңбек-жарқын болашақ», «Кітап – менің қазынам», «Адал дос» жобалары аясындаға балалар кітапханасы Жакупова Т.Б, Хайрулина Г.К. Х.К.Андерсеннің туылған күні	Жобалау іс-әрекеті	Сәуірдің 3 -аптасы
«Әжемнің ертегілері»	Жобалау іс-әрекеті	Наурыздың 4-аптасы
«Табиғатты сақтайық!»	Жобалау іс-әрекеті	Мамырдың 3-аптасы
Сенсорикалық дамыту жобасы «Сиқырлы саусақтар»	Жобалау іс-әрекеті	Мамырдың 3-аптасы
«Ұрпақ ұлттық ойынмен шыңдалады» Асық ойыны	Жобалау іс-әрекеті	Өткізу мерзімі педагогтің таңдауы бойынша анықталады
«Ұлттық театр әлемі»	Жобалау іс-әрекеті	
Болашақ мамандық	https://bilimkids.kz/steam/99?l=7	
LEGO әлемі: өз армандарымызды құрастырамыз	https://bilimkids.kz/steam/100?l=7	
«Ұлттық киімдер»	Жобалау іс-әрекеті	
Ғарыш		

Маленькие актеры в большом театре	https://bilimkids.kz/steam/110	

	?l=7	
«Ою өрнектер»	Жобалау іс-әрекеті	
8-тарау. Психологиялық-педагогикалық консилиум жұмысын ұйымдастыру		
Медициналық, психологиялық-педагогикалық құжаттаманы зерттеу (анамнез жинау).	Тамыз-қыркүйек	Мамандар
Жаңадан келген балабардың бейімделу кезеңіндегі динамикасының ерекшеліктерін зерттеу.	Қыркүйек-қазан	Педагог-психолог
Оқу жылының басы мен аяғында балаларды кешенді психологиялық педагогикалық (логопедиялық) тексеру жүргізу.	Қыркүйек-сәуір	Педагог-психолог, тәрбиешілер
Бағдарламалық материалды меңгеруге қиналатын және әлеуметтік бейімделудегі проблемалары бар тәрбиеленушілерді анықтау бойынша жұмыс ұйымдастыру.	Желтоқсан-наурыз	Логопед
Түзету әсерінің тиімділігін анықтау үшін кезеңдік диагностика.	Қыркүйек-сәуір	Мамандар
Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу		
Осы оқу жылында келген тәрбиеленушілерді психологиялық сүйемелдеуді қамтамасыз ету.	Оқу жылы ішінде	Педагог-психолог
Бағыттар бойынша тәрбиеленушілермен түзету-дамыту ҰІӘ өткізу.	Оқу жылы ішінде	Мамандар
Диагностикалық зерттеулердің нәтижелері бойынша ата-аналарға, педагогтерге жеке кеңес беру.	Оқу жылы ішінде	Мамандар
Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі білім беру ұйымының жағдайына бейімдеу қиындықтарын жеңу мәселесі бойынша ата-аналарға жеке және топтық кеңес беру.	Оқу жылы ішінде	Педагог-психолог
9-тарау. Әкімшілік-шаруашылық жұмыс		

1.Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықтар дайындау. Қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтар. Қызметкерлерге террористік актілердің алдын алу бойынша нұсқаулық жүргізу.	Жыл бойы	Меңгеруші
2.Өрт қауіпсіздігі және қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтарды, жаднамалар дайындау.	Қыркүйек, желтоқсан, мамыр	Меңгеруші
3.Өрт болған жағдайда адамдарды эвакуациялау бойынша практикалық жаттығулар өткізу.	Тоқсанына 1 рет	Меңгеруші
4. МДҰ қауіпсіздік бұрышын безендіру.	Қыркүйек	Меңгеруші
5.Террористік акт болған жағдайда адамдарды эвакуациялау бойынша практикалық жаттығулар өткізу.	Жылына 2 рет	Меңгеруші
6.Тәрбиеленушілерге терроризм мен төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша мерзімді түрде әңгімелесу өткізу.	Педагогтердің жоспарлары бойынша	Тәрбиешілер
7.Тәрбиеленушілермен жол-көлік жарақатының алдын алу бойынша жұмыс жүргізу.	Жылдық жоспар бойынша	Тәрбиешілер
8.Балалармен өрт қауіпсіздігі бойынша жұмыс жоспарлау.	Жыл бойы	Тәрбиешілер
9.Өртке қарсы нұсқама жүргізу.	Жарты жылда 1 рет	Меңгеруші, шаруашылық меңгерушісі
10.Аумақты суғару, арамшөпті отау, көгал мен бұталарды қырқу, құраған ағаштарды жинауды бақылау.	Жазғы кезеңде	Шаруашылық меңгерушісі, сыпырушы
11.Құм жәшіктеріне құм әкелу, гүлзарлар орнату, шөп отырғызу.	Мамыр	Шаруашылық меңгерушісі, сыпырушы
12.Құмды күнделікті өңдеу.	Күнделікті	Шаруашылық меңгерушісі, мейірбике
13.Шағын архитектуралық пішіндер мен орындықтарды бояу.	Қажеттілігіне қарай	Шаруашылық меңгерушісі

14.Косметикалық жөндеу ұйымдастыру және жүргізу.	Маусым-тамыз	Шаруашылық меңгерушісі
15.Аулада және ғимаратта серуендеу учаскелерін, спорттық жабдықтарды тексеру.	Қыркүйек, желтоқсан, мамыр	Комиссия
16.Қарды жинау және шығару, мұз жолдарына құм себу, қатқан мұзды түсіру, сындыру, көлбеу шатырларды қардан тазарту.	Суық кезең уақытында	Шаруашылық меңгерушісі
17.Жылу торабын жылытудың жаңа маусымына дайындау. Сымдарды оқшаулау кедергісін өлшеу.	Маусым-қыркүйек	Шаруашылық меңгерушісі
18.Жуу және тазалау құралдарын сатып алу.	Тоқсанына 1 рет	Шаруашылық меңгерушісі
19.Жиһазды таңбалау. Балалардың жасына сәйкес топтарда жиһаз бен мүкәммалды орналастыру.	Қыркүйек, желтоқсан, мамыр	Тәрбиешілер
20.Өрт қауіпсіздігі жағдайы. Өртке қарсы жай-күйге жауаптыларды тағайындау жөніндегі құжаттаманы жаңарту және іс-шаралар құру.	Тамыз	Меңгеруші, шаруашылық меңгерушісі
21.Еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі құжаттаманы жаңарту.	Қыркүйек, қаңтар	Меңгеруші, шаруашылық меңгерушісі, еңбекті қорғауға жауапты
22.Заттық-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыруды қамтамасыз ету.	Жыл бойы	Меңгеруші, шаруашылық меңгерушісі
Әкімшілік-шаруашылық бақылау кестесі		
Шаруашылық меңгерушісімен жұмысты ұйымдастыру (шар.меңгерушісі): - қызметкерлердің жеке басының гигиенасын сақтауы; - топтық үй-жайлардың, тағамхана, фойенің және т. б. санитарлық жағдайы.	Жыл бойы	Шаруашылық меңгерушісі, мейірбике, шаруашылық меңгерушісі
тәрбиешінің көмекшілерімен бірге: - дезрежимді сақтау, оның балалардың өмірі мен денсаулығын қорғаудағы рөлі; - балалар мен қызметкерлердің жеке	Жыл бойы	Меңгеруші, мейірбике, шаруашылық меңгерушісі

басының гигиенасы; - қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы сақтық ережелерін сақтау; - топтағы тәрбиешінің көмекшісінің міндеттері; - жазғы режимді ұйымдастырудағы тәрбиеші көмекшісінің рөлі; - ойын учаскесінде және ойын алаңында санитарлық ережелерді сақтау.		
Асхана қызметкерлерімен: - жеке басының гигиенасын сақтау, арнайы киімді ауыстыру; - тамақтан улану, оның пайда болу себептері және алдын алу шаралары; - ас дайындау технологиясы; - тағамхананың санитарлық жағдайы; азық-түлікті сақтау, өткізу (пайдалануға жарамдылық) мерзімдерін сақтау.	Жыл бойы	Меңгеруші, мейірбике, шаруашылық меңгерушісі
- қорғаушылар (күзетшілермен), сыпырушылармен: - МДҰ-да бақылау-өткізу режимін сақтау; - өртке қарсы сақтық ережелерін сақтау; - қарды уақтылы тазалау және жолдарға құм себу; - тротуарларды қоқыс пен жапырақтардан тазарту; - бұталарды кесу, жазда құмды ылғалдандыру.	Жыл бойы	Меңгеруші, мейірбике, шаруашылық меңгерушісі
Ұйымдастыру-басқару қызметі		
Кадрлық қамтамасыз ету жөніндегі басшының қызметі.	Жыл бойы	Меңгеруші
Мектепке дейінгі ұйымның 2025- 2026 оқу жылына арналған жұмысының негізгі бағыттарын анықтау.	Тамыз	Меңгеруші
Тәрбиешілерді кешенді талдау нәтижелерімен таныстыру және проблемалық аймақтарды нақты белгілеу.	Тамыз	Меңгеруші, педагогтер
Өткізу: - әкімшілік кеңестер; - жұмыс лездемелері (планерка), - педагогикалық кеңестер, -ақпараттық-талдамалық қызметтің нұсқамалары мен басқа да нысандары.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер, педагогтер

	Мектепке дейінгі ұйымның 2025- 2026 оқу жылындағы қорытындысын шығару, атқарылған жұмысты өздік талдау, білім беру ұйымын бағалау бойынша есеп дайындау.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер, педагогтер
Мектепке дейінгі ұйым меңгерушісінің жанындағы мәжіліс			
	1.Бір айға арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. 2.Кадрлармен жасақталғаны туралы. 3. Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру бойынша бақылау жоспарын бекіту. 3.Эвакуация жоспарына нұсқама беру және практикалық пысықтау жүргізу. 4. Бір айдағы сырқаттанушылық жағдайын талдау.	Қыркүйек (соңғы бейсенбісі)	Меңгеруші, мейірбике
	1.Ата-аналармен жұмыс ұйымдастыру туралы: көпбалалы отбасылардан шыққан балаларды есепке алу. 2.Баланы мектепке дейінгі ұйымда ұстағаны үшін ата-ананың төлем жүргізуі (уақтылығы, дұрыстығы). 3.Сыйлық алу туралы хабарлама және оны беру, сыйлықтар алу, пара беру және парақорлыққа делдалдық жасау үшін жаза бекіту. 4.Мектепке дейінгі ұйымды қысқы кезеңге дайындау. 5.Жиһазды таңбалауды талдау.	Қазан (соңғы бейсенбісі)	Меңгеруші
	1.Жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы. 2.Ішкі еңбек тәртібінің ережелерін сақтау туралы. 3.Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ету туралы. 4.Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру туралы.	Қараша (соңғы бейсенбісі)	Меңгеруші
	1.Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы. 2.Жаңа жылдық ертеңгіліктер кестесін бекіту. 3. Демалыс кестесін құру. 4.Тоқсан ішіндегі сырқаттанушылықты талдау.	Желтоқсан (соңғы бейсенбісі)	Меңгеруші

	1. Мектепке дейінгі ұйымның істер номенклатурасы туралы. 2. Топтарда құжаттаманы жүргізуді талдау. 3. Балалардың 2025 жылдағы денсаулық жағдайын талдау. 4. Мектепке дейінгі ұйым жұмысының 2025 - 2026 оқу жылының I жартыжылындағы қорытындылары туралы.	Қаңтар (соңғы бейсенбісі)	Меңгеруші
	1.Мектепке дейінгі ұйымдағы санитарлық-эпидемиологиялық режимнің жай-күйі. 2.Бір айдағы сырқаттанушылықты талдау; табиғи тамақтану нормаларының орындалуын талдау; ЖРВИ, тұмау және инфекцияның алдын алу. 3.Салтанатты жиналысқа дайындық туралы (наурыз айында өтетін).	Ақпан (соңғы бейсенбісі)	Меңгеруші
	1.Жарақаттанудың алдын алу жөніндегі комиссияның жұмысы туралы. 2.Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жұмысын жоспарлауды талдау. 3.Қызметкерлерді мерзімді медициналық тексеруден өткізуді ұйымдастыру. 4.Тоқсан ішіндегі сырқаттанушылықты талдау.	Наурыз (соңғы бейсенбісі)	Меңгеруші, мейірбике
	1.Табиғи тамақтану нормаларының орындалуын талдау. 2.Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ету туралы. 3.Қозғалыс белсенділігін қамтамасыз ету туралы. 4.Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық.	Сәуір (соңғы бейсенбісі)	Меңгеруші, мейірбике, шаруашылық меңгерушісі, дене шынықтыру жөнінде нұсқаушы
	1.Жөндеу жұмыстарының жоспарын бекіту. 2.Жазғы кезеңде кадрларды орналастыру және топтарды жасақтау. 3.МДҰ-ғы қауіпсіздік ережелерін сақтау. 4.Жазғы сауықтыру кезеңінде білім беру процесіне қатысушылардың барлығының қауіпсіздігі бойынша жұмысты ұйымдастыру.	Мамыр (соңғы бейсенбісі)	Меңгеруші
	Мектепке дейінгі ұйымды басқаруды қамтамасыз етуді ұйымдастыру		

	Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің бекітілген тарифтеуін сайтқа орналастыру.	Қыркүйек	Меңгеруші
	ҰБДБ-дағы деректер базасын жаңарту (Ұлттық білім беру деректер базасы).	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
	Баланың даму мониторингін жүзеге асыру (баланың жеке дамуын бағалаумен байланысты педагогикалық іс-әрекеттердің тиімділігін бағалау және оларды одан әрі жоспарлау).	01.09- 20.09	Меңгеруші, әдіскер
	Мектепке дейінгі ұйымның ресми сайтының жұмысын ұйымдастыру (ақпаратты уақтылы жаңарту).	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
Еңбек ұжымының жалпы жиналысы			
	Еңбек ұжымының жалпы отырысы №1 **Тақырыбы:** «Мектепке дейінгі ұйым қызметінің жаңа оқу жылына арналған негізгі бағыттары». 1.Ішкі еңбек тәртібі ережелері. 2.Педагогтер мен тәрбиешілердің көмекшілерінің лауазымдық нұсқаулықтары. 3.Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша ағымдағы нұсқаулық. 4. «Террористік акт кезінде мектепке дейінгі ұйымның лауазымды тұлғалары мен жұмысшыларының мінез-құлқы мен іс-әрекеттері» нұсқамасы. 5.Бұйрықтармен танысу. 6.Еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі комиссияны тағайындау. 7. 2026 жылға арналған демалыс кестелерін бекіту. 8.Бұйрықтармен танысу.	Қыркүйек	Меңгеруші
	Еңбек ұжымының №2-жалпы жиналысы 1.Оқу жылындағы жұмыс нәтижелері. 2.Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау; 3.Терроризмге қарсы қауіпсіздікті сақтау. 4.Ішкі еңбек тәртібінің ережелерін орындау. 5.Ағымдағы ұйымдастырушылық	Мамыр	Меңгеруші

	мәселелер.		
Мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесі			
	№1-отырыс. **Тақырыбы:** «Мектепке дейінгі ұйым қолданыстағы заңнама жағдайында». 1.Қамқоршылық кеңестің міндеттері және функцияларымен танысу. 2.Міндеттерді бөлу, төраға мен хатшыны сайлау. 3.МДҰ Қамқоршылық кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын қарау және бекіту. 4.«2025 – 2026 оқу жылына дайындықтың қорытындысы» тақырыбы бойынша жария баяндама.	Қыркүйек	МДҰ Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
	№2-отырысы. **Тақырыбы:** «Мектепке дейінгі ұйымның келешегі мен даму жолдары». 1. «2025-2026 оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының қорытындысы» тақырыбы бойынша жария баяндама. 2.Әртүрлі.	Мамыр	МДҰ Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
Отбасымен өзара әрекеттесу. Ата-аналардың жалпы жиналысы.			
	Ата-аналардың жалпы №1-жиналысы. **Тақырыбы:** «Жаңа оқу жылына арналған ақпараттық шолу парағы» мектепке дейінгі ұйымның презентациясы. 1.«МДҰ-ның 2025-2026 оқу жылындағы жұмысының қорытындысы» тақырыбы бойынша жария баяндама. 3.Денсаулық сақтау жұмыстарын ұйымдастыру. 4.Балалардың тамақтануын ұйымдастыру. 5.Өзге мәселелер.	Қыркүйек	Меңгеруші Әдіскер Мейірбике
	Ата-аналардың жалпы №2-жиналысы. **Тақырыбы:** «Ақпараттық шолу парағы». 1.Өткен оқу жылында қол жеткізген табысымыз бен жетістіктеріміз (әр жас тобында). 2.Түзету-дамыту жұмыстарының тиімділігі. 3.Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған	Мамыр	Меңгеруші Әдіскер Мейірбике

	жұмыстың басым бағыттары.		
Топтардағы ата-аналар жиналысы			
	№1-жиналыс (кіріспе). 1.Өткен оқу жылындағы жұмысты талдау. 2.Ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның 2025 - 2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарымен таныстыру. 3.Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру. 4. Ата-аналар комитетін таңдау. 5. Әртүрлі.	Қыркүйек	Тәрбиешілер
	№2-жиналыс. 1.«Балаларға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру арқылы мектепке дейінгі ұйымда және үйде әлеуметтік-коммуникативтік дамуға қажетті жағдай жасау.» 2.Жаңа жылдық ойын-сауықты ұйымдастыру және өткізу. 3.Балалардың Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша аралық мониторингінің қорытындылары. 4. Әртүрлі.	Желтоқсан	Тәрбиешілер
	№3-жиналыс. 1.«Мектеп жасына дейінгі баланы мектепке дейінгі ұйымда және үйде саламатты өмір салтына тәрбиелеу. 2.Мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу. 3.«Балалардың жас ерекшеліктері, оларды мектепке дайындау». 4.Әртүрлі.	Ақпан	Тәрбиешілер
	№4-жиналыс. 1. «Балалардың цифрлық сауаттылығы». 2.Ата-аналарға «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» жөнінде мәселелер бойынша кеңес беру. 3.Қорытынды шығару: «Баланың даму картасы қалай құрылады?» 4.«Мектепалды топ балаларының бағдарламаны меңгеру нәтижелері». 5.Әртүрлі.	Мамыр	Тәрбиешілер

Консультациялық пункттің жұмысын ұйымдастыру			
	Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы оның ішінде әлеуметтік желілер (Instagram, Facebook, Telegram) МДҰ сайты арқылы консультациялық пунктінің жұмысы басталғаны туралы ақпараттық стенд.	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
	Мектепке дейінгі ұйымның сайтында «Виртуалды консультациялық пунктінің» ашылуы.	Қыркүйек	Меңгеруші
	МДҰ-ға бармайтын балалардың ата-аналарына даму және тәрбие мәселелері бойынша кеңес беру кестесін құру.	Тоқсанына 1 рет	Меңгеруші, әдіскер
	МДҰ сайтында «Сұрақ-жауап» айдарын ашу.	Қыркүйек	Меңгеруші
	Ата-аналар мен балалрдың МДҰ бару кестесін әзірлеу (МДҰ бармайтын балалар үшін Ашық есік күні).	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
	Ата-аналарға сауалнама жүргізу. 1. МДҰ-ғы білім сапасына қанағаттану. 2. Балалар мен ата-аналардың МДҰ іс-шараларына қатысуы.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер
Ата-аналарға консультация беру			
№	**Тақырыбы**	**Мерзімі**	**Жауаптылар**
	Балалардың жас және психофизиологиялық ерекшеліктері: ● бала дамуының жас кезеңдерін түсіну; ● ерте жастағы физиологиялық өзгерістер; ● жүйке жүйесі мен мінез-құлқының ерекшеліктері. Ерте жастағы балаларды тәрбиелеу және дамыту: ● 3 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу негіздері; ● баланың дамуындағы ойындардың рөлі; ● физикалық және психикалық дамуды қалай ынталандыруға болады.	Жыл бойы Қыркүйек	Психолог Тәрбиеші

	Дамудағы ауытқулардың алдын алу: ● физикалық ауытқуларды ерте анықтау және алдын алу; ● балалардағы психикалық бұзылулардың алдын алу; ● әлеуметтік даму: баланың қоғамға бейімделуіне қалай көмектесуге болады? Балаларды әлеуметтендіру: ● балаға дос табуға қалай көмектесуге болады; ● қарым-қатынас сабақтары: балаға басқалармен қарым-қатынас жасауды үйрету; ● ата-аналардың әлеуметтену процесіндегі рөлі. Баланың сөйлеуін дамыту: ● сөйлеу дамуының негізгі кезеңдері; ● сөйлеуді дамытуға арналған жаттығулар мен ойындар; ● логопедке қашан бару керек? Балабақшаға түсу кезінде балаларды бейімдеу: ● баланы балабақшаға дайындау; ● бейімделу кезіндегі күйзелісті қалай азайтуға болады; ● алғашқы айларда баланы қолдау. Ойын іс-әрекетін ұйымдастыру: ● балаларға арналған дамытушы ойындардың түрлері; ● үйде ойын кеңістігін қалай ұйымдастыру; ● баланың дамуы үшін еркін ойынның маңыздылығы. Балалардың тамақтануын ұйымдастыру: ● балаларға арналған саламатты тамақтану негіздері; ● дұрыс тамақтану әдеттерін қалай қалыптастыруға болады; ● әртүрлі сырқаттар бар болған жағдайдағы тамақтану. Ұйымдардың қызметтері туралы хабардар ету: ● сіздің облысыңызда қандай қызметтер бар? ● бала үшін білікті көмекті қалай алуға болады? ● әлеуметтік қызметтер, денсаулық сақтау және білім берудің рөлі.		Логопед Тәрбиеші Тәрбиеші Тәрбиеші Медбибі

Ашық есік күні			
	«Балалық шақ әлеміне қош келдіңіз!» Мақсаты: қоғам мен балабақшаның өзара әрекеттесу механизмін құру, ата-аналардың балалармен бірлесіп іс-шаралар өткізуі.	Күзгі	Меңгеруші, әдіскер, қамқоршылық кеңес
	«Бірге асық ойнаймыз» Мақсаты: ата-аналармен байланыс орнату, баланың өмірінде құндылықтарды ашу, ойынның маңыздылығын түсіну.	Қысқы	Меңгеруші, әдіскер, қамқоршылық кеңес
	«Қолдан жасаймыз» LEGO-мен бірге шығармашылық күні Мақсаты: ата-аналарға мектепке дейінгі ұйымдағы балалардың көркемдік-шығармашылық іс-әрекетін дамыту туралы түсінік беру.	Көктемгі	Меңгеруші, әдіскер, қамқоршылық кеңес
Мектепке дейінгі ұйым мен мектеп арасындағы сабақтастық			
1. Әдістемелік жұмыс			
	Мектепке дейінгі ұйым мен мектеп жұмысындағы сабақтастықты іске асыру жөніндегі жоспарды келісу және бекіту.	Қыркүйек	Әдіскер, МДҰ мен мектептің педагогтері
	«Балаларды мектепке дайындау» атты тәрбиешілер мен ата-аналарға арналған әдістемелік және педагогикалық әдебиеттер көрмесін ұйымдастыру. МДҰ виртуалды консультациялық пунктінде әдебиеттер тізімін орналастыру.	Қазан	Тәрбиешілер
	Мектепалды топтары балаларының мектепке дайындығын диагностикалау.	Қаңтар	Педагог-психолог
	«Мектепке дейінгі ұйым педагогтері мен тәрбиешілерінің балаларды мектепке даярлау жөніндегі бірлескен жұмысының тиімділігі туралы» педагогикалық консилиум.	Ақпан	Педагог-психолог, әдіскер
2. Ата-аналармен жұмыс			
	Мектепке дейінгі топтарға арналған ата-	Мамыр	Әдіскер,

	аналар жиналысы: 1.«Балалардың жас ерекшеліктері, оларды мектепке дайындау». 2.«Балаларды мектепке дайындау кезінде МДҰ және отбасының міндеттері. 3.«Мектепке дейінгі топ балаларының бағдарламаны меңгеру нәтижелері».		педагог-психолог, тәрбиешілер
	Ата-аналарға арналған виртуалды экскурсия-мектептің жұмысымен танысу.	Сәуір	Мектеп әкімшілігі мен педагогтері
	Болашақ бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына кеңес беру.	Мамыр	Әдіскер, педагог-психолог
3.Балалармен жұмыс			
	Балалардың мектепке экскурсиясы: ● мектеппен танысу; ● кітапханамен танысу; ● дене шынықтыру залына бару; ● асханаға бару.	Наурыз-сәуір	Мектепалды топ тәрбиешілері, бастауыш сынып мұғалімдері
	Мектепалды топтың балалары бастауыш мектеп мерекесіне баруы	Сәуір	Мектепалды топ тәрбиешілері, бастауыш сынып мұғалімдері
	Бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру: ● экологияға қатысты; ● экскурсиялар; ● кітап оқу; ● әлеуметтік нысандарға бару.	Жыл бойы	Мектепалды топ тәрбиешілері, бастауыш сынып мұғалімдері
Мектеппен өзара іс-қимылдың 2025-202 оқу жылына арналған жоспары			
	Мектепке дейінгі ұйымның мектеппен бірлескен жұмыс жоспарын талқылау.	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
	Мектеп және мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған дөңгелек үстел.	Қазан	Меңгеруші, әдіскер. Мектепалды топ тәрбиешілері, бастауыш сынып мұғалімдері
	Баланың мектеп өмірі қарсаңында және	Ақпан	Тәрбиешілер

	мектепке бейімделу кезеңінде отбасының әл-ауқатын зерттеу үшін ата-аналарға сауалнама жүргізу.		
	Бағдарлама бөлімдері бойынша мектепке дейінгі топтың балаларын диагностикалау нәтижелерін бірлесіп талқылау.	Сәуір-мамыр	Әдіскер, педагог-психолог, тәрбиешілер
	Ата-аналар жиналысын бастауыш сынып мұғалімдерінің қатысуымен өткізу.	Мамыр	Меңгеруші